**С.Оразалин атындағы ЖОББМ волейбол үйірмесінің тұжырымдамасы (2022-2023 о.ж.)**

**Үйірменің атауы:** Волейбол
**Кластары:** 6-11 кластар оқушылары
**Өткізілетін уақыты:** Дүйсені 16.00-16.45
Сәрсенбі 16.00-16.45
Жұма 16.00-16.45
**Мұғалімі: Қалжанов Т.Қ**

2022-2023 оқу жылының басында үйірменің жоспары педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілді.Үйірмеге қатысатын қыз балалар саны-15. Аптасына сабақ саны-3. Барлық оқушы дәрігерлік бақылаудан өтті.

Үйірменің мақсаты:

1) волейбол ойынының шығу тарихы бойынша жалпы түсінік беру;
2) волейболшылардың күш, жылдамдық, ептілік дағдыларын дамыту;
3) ұжымдық-адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру.

Волейболдан секция жұмысында мектеп бағдарламасына байланысты волейбол ережелері мен әдіс-тәсілдері үйретіледі. Жаттығу кезінде оқушылар өзара бір-бірімен қауіпсіздік ережесін сақтай отырып, әр оқушы өзіне көрсетілген әдіс-тәсілдерді толығымен меңгере отырып әрі қарай жетілдіре түседі. Үйірменің жұмысы әр оқушының салауатты өмір салтын ұстануына, волейбол ойынының қимыл- қозғалыс негіздерін игеру арқылы оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру, өз денсаулықтарына дұрыс караудың қажеттілігін қалыптастыру, физикалық және психикалық қасиеттерінің толық дамуын, дене бітімін қалыптасуын дамытуға әсерін тигізеді. Секцияға қатысушы әр оқушының оқу-жаттығу кезінде үйренген әдіс-тәсілін іс жүзінде өз қарсыласына жасап, негізін қалыптастырады.

Волейбол ойыны бойынша жексенбі күндері ауданаралық мектептерімен келісе отырып, Т.Г.Щевченко ЖОББМ, Қ.Шаңғытбаев атнырдағы ЖОББМ, Ж.Сарсенов атындағы ЖОББ мектері арасында аймақтық жолдастық кездесулер өткізілді. Үйірме кестеге сай жүргізілді.

**Нәтижелері:**

Қараша айында оқушыларымыз Қарабұтақ елді мекеніне барып, Қ.Шаңғытбаев және Т.Шевченко атындағы орта мектептерінің командаларымен жолдастық кездесулер өткізіліп,нәтижесінде оқушыларымыз 1-орынды иеленді.



Scanned with CamScanner

8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай жоспар бойынша мектепішілік волейбол жарысы ұйымдастырылып өткізілді. Жарысқа мектеп мұғалімдерінен 1 команда, ал оқушылардан әр сынып бойынша 4 команда қатысты. І-орынға 10 -сынып қыздары ие болды. Спорт шара өз дәрежесінде өтті.



**Алдағы міндеттер:**

- Оқушылардың баскетболға деген қызығушылығын арттыру;
- Волейбол ойнау амал-тәсілдерін жетілдіру;
- Оқушылардын қимыл-қозғалыстарын үйлесімді қолдана білу, тез ойлану,
- байқампаздық сияқты қасиеттерге баулу;
- Жарыстарға қатысу, жеңіске жету;

Scanned with CamScanner